

УДК 821.512.122.09.01

**ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДА БЕЙНЕЛЕНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ
(ШҚО мысалында)**

Геогр. ғылымд. канд. Қ.Т. Сапаров

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы материалдары негізінде ландшафт ерекшеліктерінің топонимдерде бейнелену заңдылықтары жөнінде сөз болады. Сонымен қатар ерекше қорғалатын табиғи нысандармен топонимдердің өзара байланысы жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу аймағында табиғат қорғау шараларын ұйымдастыру идеяларының қазақ қоғамында ертеден болғандығы жер – су атауларында (*Хан қорық, Кеңқорық, Қорықшар т.б*) сақталғанын аңғаруға болады. А.Н Бернштам қола дәуірінің андронов мәдениеті кезеңінде Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген көшпелі тайпаларда алғашқы тыйым салынған өңірлер «*қорықтар пайдаланатын жер*» деген ұғым пайда болды деп жазады [1]. Ал, М. Қашкари «қорық» сөзін кез-келген қоршалған аумақ жеке пайдаланушы адамның «*тыйым салынған жайылымы*» ретінде қарастырады [2]. Орта Азия мен Қазақстан өңірінде арнаулы қорыққа айналдырылған орындар көне дәуірлерден бастап болғандығына дәлел боларлық дәйекті мәліметтерді аңыз-әнгімелерден, жер – су аттарынан және тарихи жазба деректерден кездестіруге болады. Е.М. Массонның зерттеулеріне қарағанда X ғасырда Бұхара жерінде Шамсабад қорығы болғандығын, оның айналасы топырақ дуал мен қоршалып, ішінде көптеген жабайы жануарлардың ұсталғандығын Орта азиялық тарихшы Мұхаммед Наршахи баяндайды [3]. В.В. Бартольд: VI..VII ғасырларда Жетісу жерін мекендеген үйсін тайпалары шұрайлы, шалғынды салқын жерлерді қорыққа айналдырып, ретсіз мал жайылмайтындығын, мезгілсіз аң ауламайтындығын жазды. Бинюй VII ғасырда Талас өңірінде болып, «*Мыңбұлақ*» деген жердің табиғат әсемдігі мен хан қорығындағы мүйізді бұғыларды көргендігін жазып кетті. Осы өңірде «*Құлан қамалған*», «*Құлан қорық*» деген жерлер бар [4]. Жер ұйығын іздеген Асан Қайғы (15 ғасыр) жол үстінде келе жатып «*Хан қорығы*» деп аталатын көлемді жайылымды кездестіріп, оны күзететін

жендеттерін көргенін жазады [5]. 1897 жылы археолог В. Каллаур «Құлан қорық» деген жерде болып, қорықтан қалған дуал іздерін, төңірегіндегі қоныс орындарын аңғарған. Атап айтсақ *Арқарлы, Арыстанды, Бөріойнақ, Құлан тау, Құлан су, Құлан асу, Бала Құлан, Құланды, Қасқа Құлан* т.б. топонимдер қорықтар жөнінде мол ақпарат береді. Сонымен көшпенді және отырықшы халықтың екінші шаруашылығы аң аулау болды. Мұндай жерлерді, әсіресе құсбегілікпен айналысатын, қақпан құрушы аңшылар ерекше бақылауға алып жүрді [6]. Мұндай аңшыларды Алтайда, Сауырда, Тарбағатайда, Баянаулада, Шыңғыстауда, Қалба жатасында, Семейдің таспалы қарағай ормандарында (реликт) осы күндері кездестіруге болады. Бұл өңірде жабайы аңдардан – бұлан, марал, бұғы, қаракүйрық, құлан, арқар, аю, қасқыр, сілеусін, ілбіс, терісі бағалы құндыз, бұлғын, орман сусары, түлкі, қоян, дуадақ, ұлар, қырғауыл, құр т.б. кездеседі. Кезінде қыран бүркіт, ителгі салып байлар, хандар, сұлтандар аңшылық құрған және олар сол жерлерге аңшылық құруға басқаларға рұқсат бермеген. Ландшафтарды қорғаудың ең жоғарғы формасы – қорықтар ұйымдастыру болып табылады. Мәселен, Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, сонымен қатар Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатау, Қатонқарағай ұлттық парктерінің құрылуы осының айғағы екенін аңғартады. Қазақстан жеріндегі экожүйелердің антропогендік өзгерістері байырғы табиғатты пайдалану үрдістер мен тәжірибесін кеңінен ғылыми ізденістерді және арнайы жобалар енгізу ісін жеделдетуді талап етеді. Аумақтағы ертеде қорғалатын аймақтардың болғандығын қазіргі кездесетін топонимдерден байқауға болады. **Қорық** – қоныс (б), тау атауы ҚХР – мен шекарада (Тарб. ауд.), елді мекен, өзен атауы (Аягөз ауд.) Қалыбай және Ақтомар өзендерінің қиылысқан жерінде орналасқан және Сандықтас тауының оңтүстік батыс бөлігіне жетпей құрғап қалады. **Қорықшар** атауын (Жарма ауд.) Шар өзенінің маңында қорғауға алынған аумақ деп топшылауға болады. Шыңғыстауда **Қорықбол** өз., жайлау атауын кездестірсек, **Қорымжайлау** өзені өзінің жайылым ерекшелігі жөнінде мол экологиялық ақпарат береді [6]. Сондықтан табиғат қорғаудың халықтық түрі қазақ жерінде әлдеқайда ертеде қалыптасқанын аңғаруға болады. Аңшылық құрудың кезеңдері, уақыты, орманда аң аулаудың ережелері болған [7]. Қазақ халқында табиғат оның нысандарын қорғау идеялары ертеден қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып беріліп, экологиялық мәдениеттің қалыптасуына біршама ықпал етті.

Геоэкология ғылымы адамзат қоғамы мен табиғат арасындағы қарым-қатынас туындайтын заңдылықтарды зерттейді десек, осы әрекеттердің нәтижесі – табиғи ортаның антропогендік әрекеттерге жауабы (экологиялық дағдарыс, апат т.б.) болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда Шығыс Қазақстан облысы аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін құрудың маңыздын геоэкологиялық тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындайды. Бүгінде ШҚО аумағында 2 қорық, 1 ұлттық табиғат паркі, 1 табиғат ескерткіші және 1 табиғи резерват, 8 қорықша (қорыққор), атап айтсақ: *Құлыджы, Тарбағатай Қаратал құмы, Төменгі Тұрғысын, Рахман бұлағы, Әділет, Әскер сайы, Ұржар (Ұрыжар) т.б.* орналасқан (Кесте 1) [8].

Кесте 1

Шығыс Қазақстан облысындағы қорғалатын табиғи аумақтардың (ҚТА) табиғат (ландшафт) зоналары бойынша орналасуы

Атауы	Әкімшілік аудан	Ландшафттық зона	Ауданы, га	Қорғалатын нысандар
Мемлекеттік табиғи қорықша				
Әділет (ботаникалық)	Жарма	Шөлейт	112	Сиверс алмасы, мойыл, марал, оты, шәңгіш, аю дәрі, аңдыз, жалбызтікен қылша т.б.
«Әскер сайы» (ботаникалық)	Үржар	Шөлейт	156	Сиверс алмасы, мойыл, итмұрын, Ледебур миндалы, долана, жануарлардан; қоңыр аю, марал, елік, сұр суыр сілеусін т.б.
Үржар (ботаникалық)	Үржар	Шөлейт	120	Мойыл, шәңгіш, долана, итмұрын, Сиверс алмасы, Ледебур миндалы жануарлардан: Жидков тышқаны, бүркіт, қабан актөс сусар.

Атауы	Әкімшілік аудан	Ландшафттық зона	Ауданы, га	Қорғалатын нысандар
Қаратал құмы (ботаникалық)	Зайсан	Шөлді тауаралық аңғар	1300	Шырқанақ өсімдіктері (реликт)
Тарбағатай (зоологиялық)	Зайсан	Сауыр-Тарбағатай белдеулілік типі	240000	Алтай арқары, ілбіс, қалқанқұлақ, ителгі, бүркіт, қарақұс, лашын, дала бүркіті, құр, үкі, дуадақ, жорға дуадақ, ақбастырна, қарабауыр бұлдырық өсімдіктерден: қайыңды – теректі шоқтар
Құлыджы (зоологиялық)	Көкпекті	Алтай тауы белдеулілік типі	46000	Марал, елік, бұлғын, бұлан, Роборский атжалманы, бүркіт үшбақайлы ергежейлі қосаяқ өсімдіктерден: жүзген, қазақ аршасы, актерек, қаратерек, Құлыджы өзені аңғарындағы қалдық қарағай орманы
Рахман бұлағы (ботаникалық-геологиялық)	Қатонқарағай	Алтай тауы белдеулілік типі	109100 Қатонқарағай МҰТП аумағына қарайды	Рахман минералды суы, геологиялық құрылым Сібір балқарағайы қарабүлдірген, марал оты, қызғылт семізоты, алтай көртышқаны, марал т.б.

Атауы	Әкімшілік аудан	Ландшафттық зона	Ауданы, га	Қорғалатын нысандар
Төменгі Тұрғысын (ботаникалық)	Зырян	Алтай таулы белдеулілік типі	2200	Сібір шыршасы, балқарағай, Сібір самырсыны, итмұрын, долана, жануарлардан: елік, тиін борша тышқан, түйеқұлақ
Мемлекеттік табиғат ескерткіштері				
Синегор самырсын бауы (ботаникалық)	Ұлан	Алтай тауы белдеулілік типі	197	Сібір самырсыны (реликт)
Мемлекеттік табиғи резерват				
«Ертіс орманы»	Бесқарағай Бородулиха	Құрғақ дала	658882	Ертіс өзені бойындағы реликті Таспалы қарағай ормандары

Шығыс Қазақстан облысында ең алғаш ашылған Марқакөл қорығына биыл 30 жыл толып отыр. 1976 жылы 4 тамызда ұйымдастырылған **Марқакөл мемлекеттік қорығы** – Күршім мен Азу (Азутас) жоталарының аралығында жатыр. Осы екі қыратпен көмкеріліп, айдыны күн бетіне шағылысқан Алтайдың ару көлі – Марқа адам қамқорлығына алынды. Қорықтың аумағы – 75 мың га. Шалқып жатқан Марқаның жағасы жасыл желек жамылған ну орманға тұнып тұр. Ақ қайын тал, көктерек, үйеңкі, долана, мойыл тау етегінде өссе, оның баурайында көкке тік шаншылған балқарағай бой түзейді [8]. Қорықта өсімдіктің 721 түрі, дәрілік өсімдіктерден аралий мен «алтын тамыр» кездеседі. Көлде балықтың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда, жергілікті тұрғындар «қызыл қашаған» деп атап кеткен майқан, мөңке немесе қаяз балығы, хариус, талма, теңге балық (пескарь) ойнақ салады. Қорықтың хайуанаттар дүниесі де бай, сүтқоректілердің 58 түрі мекендейді, оның ішінде аю, сілеусін, бұғы, архар, қасқыр құстың 260 жуық түрі бар, оның ішінде қарақұтан, аққу, суқұзғындары кездеседі. Сондықтан қорықтың құстары облыстағы құс фаунасының 66 пайызын құрайды [9]. Биологиялық өнімділігі жағынан біздегі тау көлдерінің бірден-бірі Марқакөлге тең келе алмайды. Өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесінің

ерекшелігімен қатар ол жергілікті ауа райын реттеп (микроклимат) отырады деуге болады. Сондықтан Алтайдың таулы тайгалық зонасының ландшафтын қорғау үшін құрылған қорықтың келешегіне мол үміт артуға болады. **Батыс Алтай қорығы** – Лениногор және Зырян аудандарының аймақтарын қамтиды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш ашылған қорықтың (1992 ж.) жер көлемі 56,7 мың га, Қазақстандық Алтайдың Лией, Қалзың (Холзун), Көксу тау сілемдерін алып жатыр. Қорық аймағында Ақ және Қара Оба өзендері мен Кедрово және Щербакова көлдері, т.б. кішігірім су жүйелері бар. Қорық негізінен табиғат белдемдерінің тау етегінен бастап орманды дала, субальпі, альпі биіктігіндегі табиғаттың сан алуан тайгалы аралас ландшафттарын қорғауға бағытталған. Қорықта дәрілік (марал оты, алтын тамыр) өсімдіктермен қатар, орманның яғни қылқан жапырақты ағаштардың, көп түрі шоғырланған. Әсіресе, бағалы самырсын, майқарағайдың орны ерекше. Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің – 799, құстардың – 153, сүтқоректілердің – 51, балықтың – 5 түрі, сүтқоректілерден алтай бұғысы, елік, құндыз, қоңыр аю, бұлан, қабырға (құдыр), бұлғын т.б. кездеседі. Батыс Алтай фаунасы да ерекше болғанымен ғылыми – зерттеу жұмыстары жаңадан қолға алынуда. Осы аумақтың фаунасын зерттеуші Б.В. Щербаковтың мәліметі бойынша көптеген құстар: бүркіт, қаршыға, латын ителгі, ақ құр, саңырау құр т.б. тіршілік етеді [8]. Сонымен зерттеу нысанына айналған Батыс Алтай қорығының ғылыми, экскурсиялық, танымдық мәні зор. Болашақта қорық экологиялық мониторингтік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының ошағына айналатынына мол сенім артуға болады.

2001 жылы **Қатонқарағай ұлттық саябағы** құрылды. Онда Шығыс Қазақстан жерінде кездесетін 55 түрлі өсімдіктер дүниесінің 50 түрі, 20 түрлі емдік шөп, 250 түрлі құс (оның 30-ға жуығы Қызыл кітапқа енген) бар, аумағы – 643,7 мың га болатын, ұлттық саябақта сүтқоректілердің 66 түрі, олардың ішінде: қоңыр аю, марал, бұлғын, тоқал бұғы, таутеке, сілеусін, елік, құну, қар ілбісі т.б. мекендейді. Ұлттық парк орманының алып жатқан көлемі 219,9 мың га, оның 60 пайызын самырсын ағашы алып жатыр [10]. Туристерді ерекше қызықтыратын таза ауа, таулы ландшафт, көл, бұлақ, сарқырамалар, орман ландшафтары Қатонқарағай ұлттық саябағының келбетін қалыптастырады. Аумақта *Бұқтырма, Ақ және Қара Берел өзендері, Язовое, Рахман көлі, бұлағы, Көккөл құламасы, Өрел, Берел, Ақмарал (Парк)* елді мекен атауларымен бірге көптеген микропонимдер жүйесі бар. Ең көрнекті туристерді қызықтыратын жері – **Рахман бұлағы** емдік қасиеті мол ыстық су шығып жатқан табиғат

сыйы. Антропомикродроним атауының өзіндік тарихы бар. осыдан 215 жылдай бұрын Рахманов атты аңшы биік тауда маралды атып жаралайды. Ол екі күн жаралы аңның ізімен жүріп оның осы бұлақ басында екінші жұбымен аман-сау тұрғанын көріп таң қалады. Маралды атып өлтіріп, оның бірінші атқан оғы тиген аяғының жараланған терісі жіңішкеріп, жұқа қабықша болып жазылып жатқанының куәсі болады. Бұлақ суының емдік қасиеті бар екенін жобалап, оны сынап, зерттеп көргісі келеді. Бұлақ суына күніне үш рет шомылып, бір жұмада бірнеше жыл зардап шеккен құяң ауруынан құлан таза жазылады. Кейінірек бұлақ суы зерттеліп, оның басына емдік орындар салынып, рекреациялық аймақтарға айналды. Су құрамында радон, күкірт, күкіртті сутегі, сульфат, сульфит, карбонат, нитрат тұзбасы бар екені анықталды [10]. Бұлақ суы жүйке ауруларын емдеуге таптырмайтын емдік қасиеті бар киелі жер. 2002 жылы *Қатонқарағай ұлттық саябағына АҚШ, Батыс Еуропа, Ресей елдерінен 569 турист келген*. Қаракөл көлі маңынан туристік база құрылысы салына бастады. Сондықтан табиғи ландшафтысын қорғау, ғылыми тәжірибелер және экологиялық мониторинг жүргізуде мол мүмкіндіктер бар деуге болады. Болашақта мәдени ағарту жұмыстарын ұйымдастыратын қорыққа айналатыны сөзсіз (Кесте 1).

Резерваттардың ұйымдастыру мақсаты мен ережелері қорықшыларға ұқсас. Табиғи ресурстардың қорғалуына байланысты және жүргізілген жұмыстың сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді. өсімдіктер мен жануарлардың жойылу қаупіндегі және сиреп кеткен кеткен түрлерін қорғау мақсатында құрылады. Ондай резерваттар Батыс Еуропа, Оңтүстік Азия, Африканың кейбір елдері мен АҚШ-та көптеп саналады. Сонымен қатар көптеген елдерде өсімдіктерге ғылыми жұмыстар жүргізу үшін т.б резерваттар ұйымдастырылуда. Ертіс өзенінің оң жағалауында реликті таспалы қарағай ормандары «**Ертіс орманы**» (Павлодар обл.) «**Семей орманы**» (ШҚО) орналасқан. Ертіс өңірінің жасыл белдеуіндегі созылған мұндай қарағайларды Қазақстанның басқа жерлерінен кездестіре алмаймыз. Бұл ормандардың топырақ пен су қорғағыштық маңызы бар. Сондықтан резерваттарда орманды дала фаунасымен қоса, онда өсетін ағаш қоры қорғауға алынған. Қарағай ормандары бұл өңірлерде орынсыз кесу, өртеу әрекетінен жойылып барады. Қазіргі таңда (2000...2005 жж.) Семей өңірі мен Павлодар облысындағы болған өрттері салдарынан Ертіс жағасындағы қарағайлы ормандардың 300 мыңға жуық гектары жанып кетті деуге болады. Ғарыштық және жер беті зерттеулерінің нәтижелеріне

жүгінсек, бұл ормандардың 50 пайызы өрттен, орман зиянкестері мен аурулары және заңсыз ағаш кесу салдарынан зиян шекті [11].

Семей өңірінде қарағайлы ормандардың көлемі 30...40 пайызға азайып, мүлдем ойсырап қалды. Қалба тауларының ландшафтық келбетін қалыптастыратын гранитті тастарға бейімделе өскен қарағайлы алқаптардың аумағы біршама азайған. Ғалымдардың пікірінше су маңындағы орманды алқаптар ашылып қалғандықтан Кенді Алтайдың *Оба, Улбі, Бұқтырма* сынды өзендері шамамен жылына 1,5 млрд. текше метр көлемінде су қорларын жоғалтады екен. Сондықтан қатаң бақылауға алып, орман алқаптарын пайдалану жүйесін реттеп, ағаш отырғызу шараларын жүргізу арқылы қалыптасқан геоэкологиялық мәселелерді шешуге болады. Табиғат ескерткіштері – бұл сирек құрып бара жатқан, желдің, судың әрекетінен бұзылып жатқан және сонымен бірге ғылыми, эстетикалық, тарихи және мәдени жағынан құнды табиғат нысандары. Бұл сөздің мағынасы құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың жеке бір түрлерін қорғау, мысалы: арқар, ілбіс, самырсын, сібір балқарағайы т.б. Сонымен қатар табиғаттың қорғауға алынған жекеленген нысандары, сирек кездесетін геологиялық құрылым, қима, үгілуден пайда болған тау жыныстарының ерекше формалары, сирек кездесетін ағаштар мен өсімдіктер бұлақтар мен сарқырамалар жатады.

Қорғалатын табиғи аумақтарды өз ерекшеліктеріне қарай мәселесі КТА жүйесіне құрылымын сипаттайтына және ол өзінше қиын әрі қарама – қайшылы немесе даулы ғылыми – әдістемелік мәселе екендігі де шындық. Бұл мәселені жан-жақты қарастырып, тиімді шешу өз мезгіліндегі және дәл бағытталған жұмыс болары сөзсіз, әрі қорғалатын аумақтар жүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

КТА жүйелерін құру қажеттілігі алғаш рет Н.Ф. Реймерс Ф.Р. Штильмарк (1978), Ю.Б. Родоман (1981) және Ю.А. Исаковтардың (1983), Еуропа мен Балтық елдерінің ғалымдарының еңбектерінде мысалы, Латвия тәжірибесінде А.Ж. Меллуманы (1982), П.П. Кавалаяускас (Литва), ал Қазақстанда қорғалатын аумақтар жүйесі қандай ұстанымдарға сай келу қажеттілігі О.Т. Айдаровтың еңбектерінде алғаш рет (2006) қарастырылды [12]. Сондықтан бұл жұмыстардың шешімін табу үшін арнайы далалық кешенді зерттеу жүргізу қажеттілігі туындайды. КТА жүйесін құру үшін алдын-ала жерлерді таңдау негізінен әртүрлі тақырыптағы, әсіресе ландшафт картасын пайдаланып талдау арқылы жүзеге асады. ШҚО – аумағында болашағы бар табиғат ескерткіштер көптеп кездеседі. Оларды

болашақ ұрпақ үшін сақтау мен қорғау бүгінгі күннің басты талабы. Оларды сақтау мен қорғау (КТА) жүйесінің қарамағына енгізу арқылы ғана іске асырылады. Геоакпараттық жүйе (ГАЗ) арқылы модельдеу табиғи (ландшафтық), геоэкологиялық аудандау, әлеуметтік экономикалық т.б. карталарды салыстыра талдау, аумаққа жан-жақты сапалы баға беру және КТА-ға қажетті аумақтарды таңдаудағы оның ғылыми, мәдени-тарихи негіз болуы болашақтағы қорғалатын аумақтар жүйесін құрудың мәліметтік базасы бола алады. Олардың қатарында *Зайсан, Сауыр қорықтары, Сібе* ұлттық саябағы басқада табиғат ескерткіштері мен ландшафтық қорықшалар жатады [9].

Зайсан шөлді қорығы – Зайсан ауданында орналасқан (Қара Ертіс өзені аңғарының сол жақ жағалауы, Майқапшағай, Боран және Қаратау елді мекендер аралығындағы аймақ) «Бөкенқұмдары» филиалы (Көкпекті ауд.) болады. 120 мың гектар аймақты бұл қорықта Зайсан қазаншұңқырының шөлді аймағының өсімдіктер мен жануарлар дүниесі қорғауға алынады. Бұл қорық ұйымдастыру 2000...2030 жылдары аралығында құру жоспарланып отыр. Үржар ауданымен шекарада жатқан Алакөл қорығы (1998), (12520 га) мемлекеттік қорық статусын алды [8]. Қазіргі кезде сақталып қалған табиғат көріністері өткен табиғат жағдайларынан, мол геоэкологиялық ақпарлар береді. Олардың көпшілігі адамдардың шаруашылық әрекетінен жойылып барады. Болашақта табиғат ескерткіштері қатарына жаңадан «*Сауыр шыршалы орманы*», «*Тархан геологиялық кешені*» сияқты қайталанбас нысандар қосылады деген үміттеміз (Кесте 2).

Кесте 2

Шығыс Қазақстан облысының келешегі мол табиғи нысандарын табиғат зоналары бойынша орналастыру

Атауы	Әкімшілік аудан	Ландшафттық зона	Ауданы, га	Жалпы саны
Мемлекеттік қорық				
«Зайсан»	Зайсан	Шөлейт	120000	1
«Сауыр»	Тарбағатай	Сауыр – Тарбағатай таулы белдеулілік типі	-	1
Ұлттық табиғи парк				
Сібе	Ұлан	Құрғақ дала және Алтай таулы белдеулілік типі	-	1

Атауы	Әкімшілік аудан	Ландшафттық зона	Ауданы, га	Жалпы саны
Мемлекеттік қорықша				
«Асубұлақ» (геологиялық-минерологиялық)	Ұлан	Алтай таулы белдеулілік типі	-	1
Мемлекеттік табиғат ескерткіші				
«Тархан геологиялық қимасы»	Глубокое	Алтай таулы белдеулілік типі	2	1
«Ашутас» (геологиялық - палеоботаникалық)	Күршім	Алтай таулы белдеулілік типі	-	1
«Қиын – Керіш» (геологиялық палеоботаникалық)	Күршім	Алтай таулы белдеулілік типі	-	1
«Пылающие Адыры» (палеонтологиялық)	Тарбағатай	Сауыр-Тарбағатай таулы белдеулілік типі	-	1
«Голубой Залив» (геологиялық-петрологиялық)	Көкпекті	Алтай таулы белдеулілік типі		1

Асубұлақ геологиялық-минералды қорықшасы – оның аумағында жер бетіне шығып жатқан сирек кездесетін металдар орындарымен қызықты екені мәлім. Мұнда 100-ден аса минералдар, оның ішінде бағалы асыл тастар: турмалин апатит, аквамарин, тау хрусталі, лепидолит және басқа да минералдар металдар құрамында кездеседі.

Тархан геологиялық қимасы – (2 га) девон кезеңінің табиғи жағдайын сипаттайды. Бұл кезеңнің теңіздік түзілімдері қазбалы фауна қалдықтарына бай – маржан, молюска, брахиопод, мшанка т.б. Сондықтан Тархан қимасы Кенді Алтайдың стратиграфиялық құрылымын зерттеуде үлкен ғылыми маңызға ие.

Ашутас – геологиялық (палеоботаникалық) табиғат ескерткіші – үштік кезеңінің жалпақ жапырақтары флорасының түзілімдерін қорғау үшін құрылған. Түзілімдер ежелгі өсімдіктердің 79 түрінен тұрады және олардың 45 түрі басқа жерде кездеспейді.

Қиын-Керіш табиғат ескерткіші – саздық эрозиялық шұңқырлар мен жыралардан тұратын, тақырлар мен бөлінген жер бедері пішіндерімен ерекшеленеді. әртүрлі түстегі саздар субтропикалық фауна қалдықтары

үштік кезеңнің жануарлары: бронтоотерия, энтелодонттардың қанқа сүйек қалдықтарын тұрады.

Пылающие Адыры – табиғат ескерткіші – ежелгі жабық және жалаңаш тұқымды өсімдіктердің қалдықтарынан сүйек қалдықтары мен динозавр жұмыртқасының қабығынан тұратын ТМД-да алғаш рет табылған әртүрлі түсті саздар: алевралит, құмдардың түзілімдерінен тұрады.

Голубой залив – геологиялық петрологиялық табиғат ескерткішінің аумағында 280 млн жыл бұрын жер бетінде балқыған магманың шығып, жүруі, жолақты түзілімі бар нұсқадағы граниттерімен ажыратылады [12].

Аталған табиғи нысандар мемлекеттік статусқа ие бола алмай келеді. Аумағы 283,3 мың км² болатын ШҚО-да мұндай табиғи нысандардың саны өте аз. Аумақта қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін ұйымдастыру, қорғауды қамтамасыз ету, нашарлап тозған экожүйелерді қалпына келтіру мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу қажет. Табиғатты қорғау проблемалары сан қырлы. Оларды шешуде бірін-бірі толықтырып отыратын экологиялық және географиялық, (кешенді-далалық), геоакпараттық жүйе (ГАЗ) т.б зерттеу әдістері маңызды рөл атқарады. Келтірілген осы мысалдар ШҚО өңірінде табиғат қорғау шараларын және туризмді дамыта түсуге дәлел бола алады және осы ғылыми жұмыстар келешегінің маңыздылығының зор екендігін көрсетеді. Ерекше қорғалатын аумақтар (КТА) жүйесінің ландшафтпен ажырамас бірлікте екені анықталып, оларды сақтап қалу тек ландшафты табиғи қалпында қорғағанда ғана жүзеге асырылатыны дау тудырмайтыны анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бернштам А.Н. Историческая география Тянь-Шаня и Памир-Алтая // Изв. ВГО. – Т. 87. – Вып.1, 1955. – С. 42-53
2. Кашгарий М. Девони лугат ат-турк-Ташкент, Т. 1, 1960. – 365 с.
3. Массон Е.М. О былых охотничьих парках Средней Азии. // Тр. АН ТаджССР. – 1953. – Т. 17. – С. 145
4. Сатимбеков Р. Древние заповедники Средней Азии и Казахстана // Изв. ВКО, Т 113. – 1981. – С. 242-247
5. Арғынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы, 1969 – 172 б.
6. Государственный каталог географических названий республики Казахстан. Том 5. Часть 1, 2. Восточно-Казахстанская область, Алматы: 2004.

7. Лаптев Н.П. Научные основы охраны природы. – М: Наука, 1970.
 8. Бейсенова Ә.С., Самакова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану». Оқулық. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004. – 328 б
 9. Егорина А.В., Зинченко Ю.К., Зинченко Е.С. Физическая география Восточного Казахстана. Часть 1 Восточный субрегион. Учебное пособие. – Усть-Каменогорск. ВГИ, 2000. – 124с, ил.
 10. Байқонақова Р. Қатонқарағайдың ғажап табиғаты // Атамекен, 2003. №22. – Б. 3.
 11. Ландшафтное и биологическое разнообразие Республики Казахстан информационно-аналитический обзор Программы Развития ООН / Под ред. канд. биол. наук И. Миршахимова. – Алматы: ОО «OST – XXI век», 2005. – 242 с.
 12. Айдаров О.Т. Шығыс Арал өңірінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін қалыптастырудың геоэкологиялық негіздері (Қызылорда облысы негізінде): географ. ғылымд. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2006 – 16 б.
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

**ЗАКОНОМЕРНОСТИ ОТРАЖЕНИЯ ПРОБЛЕМ
ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ И ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В
ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАЗВАНИЯХ (НА ПРИМЕРЕ ВКО)**

Канд. геогр. наук К.Т. Сапаров

В статье обсуждаются закономерности отражения особенностей ландшафтов в географических названиях Восточно-Казахстанской области. Также рассмотрена взаимосвязь топонимов с особо охраняемыми природными объектами.